iQanat

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП - 2024

Павел Дуров

АУЫЛ БАЛАЛАРЫНЫҢ ЖАҢА ҚАМҚОРШЫСЫ

IQANAT ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ РЕКОРДТЫ 1000 ФИНАЛИСІ

Алматы, ҚБТУ, IQanat 2024 Олимпиадасының финалы
1 000 бала бір апта бойы IQanat зияткерлік және мотивациялық оқу шараларына қатысты

Қазақстан Республикасының
Президенті

Астана қ, Ақорда 22/06/2023

IQanat олимпиадасына
қатысушыларға

Құрметті қатысушылар!

Баршаңызды IQanat олимпиадасының ақтық сынына өтулеріңізбен шын жүректен құттықтаймын!

Сіздер еліміздің үздік оқушылары қатысқан іріктеу кезеңінен сүрінбей өтіп, жүзден жүйрік шықтыңыздар. Бұл жарқын жетістіктеріңіз қатарластарыңызға үлгі-өнеге болып, оларға жігер берері сөзсіз.

Сапалы білім – бәсекеге қабілетті және табысты ұлт болудың басты кепілі. Өркениетті қоғамды еңбекқор, жасампаз, адал азаматтар ғана құрады. Осы орайда, ауыл мектебінің озық ойлы оқушыларын қолдауға арналған олимпиаданың мән-маңызы зор.

Мемлекет білім және ғылым саласына айрықша мән береді. Елімізде өскелең ұрпақтың жан-жақты дамуына барлық жағдай жасалған. Талапты жастарымыздың халықаралық олимпиадаларда үздіктер қатарынан көрінуі – соның айқын дәлелі.

Сіздер білім алу жолында тынбай еңбектеніп, зияткерлік әлеуетімізді арттыруға үлес қоса бересіздер деп сенемін.

Баршаңызға зор денсаулық, толағай табыс тілеймін!

Олимпиада сәтті өтсін!

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ

ҚОР ТУРАЛЫ

IQanat – елдегі ауыл оқушыларының сапалы білім алуына мүмкіндік беруге бағытталған қазақстандық кәсіпкерлердің білім беру жобасы.

Қор бағдарламаларының арқасында ондаған мың оқушы мотивация мен қосымша білім алып жатса, жүздегені Қазақстан мен шетелдің үздік университеттеріне грантпен оқуға қабылдануда.

IQANAT БАҒДАРЛАМАСЫН ҚҰРУДЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ

ҚАЗАҚСТАНДА
7 720
МЕКТЕП

АУЫЛДЫҚ ЕЛДІ МЕКЕНДЕРДЕ
5 348
МЕКТЕП

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЛА ЖӘНЕ АУЫЛ ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ДЕҢГЕЙІНДЕГІ АЙЫРМАШЫЛЫҚ - **1,5 ЖЫЛ**

PISA ЗЕРТТЕУІНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚАТЫСУ ДИНАМИКАСЫ 2009-2018 ЖЫЛДАР, ҚАЛА-АУЫЛ, ОРТАША БАЛЛ



Соңғы зерттеу көрсеткіштердің өткен жылдардағы нәтижелерден әлдеқайда артта қалып қойғанын көрсетті. Бұл нәтижелер бағдарламаға қатысқан бірінші жылдың көрсеткіштерінен төмен. PISA 2018 қорытындысына сәйкес, оқу сауаттылығы бойынша көрсеткіш елдің PISA жүйесіне қатысу тарихындағы ең төмен нәтижеге ие болды.

Дереккөз: 2019 жыл қорытындысы бойынша ұлттық баяндама. ҚР БҒМ АТО, 2020 жыл

БІЗ БІРГЕ ЖҮРІП ӨТЕТІН ЖОЛ

8-СЫНЫП
I тур, қазан 50 000 қатысушы | II тур, наурыз 10 000 қатысушы | III тур, шілде 1 000 қатысушы

ОЛИМПИАДА ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША:

	IQANAT ҚОРЫ		IQHSB МЕКТЕБІ
	900 ФИНАЛИСТ ҚОРДЫҢ ҮШ ЖЫЛДЫҚ СҮЙЕМЕЛДЕУІ		100 ФИНАЛИСТ МЕКТЕПТЕ ОҚУ
9-СЫНЫП	Online мектеп General English	Кәсіптік бағдарлау IT project	FOUNDATION
10-СЫНЫП	Begin IT General English	IQ-B.C. Менторлық қолдау	IQHSB МЕКТЕБІНДЕ 10-СЫНЫП
11-СЫНЫП	Winter Camp ҰБТ	IELTS Менторлық қолдау	IQHSB МЕКТЕБІНДЕ 11-СЫНЫП

1-2 курс
Alumni қоғамдастығы

3-курс
Part time өндірістік тағылымдамасы

4-курс
Graduation
Кадрлық резерв

НЕГІЗГІ **КӨРСЕТКІШТЕР**

IQANAT ҚҰРЫЛҒАННАН БЕРГІ
БАРЛЫҚ ЖЫЛДАҒЫ МӘЛІМЕТ

208 335 БАЛА ОЛИМПИАДАҒА ҚАТЫСТЫ

103 129 БАЛА БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ МОТИВАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАРМЕН ҚАМТЫЛДЫ

3 712 IQANAT INTENSIVE PROGRAM (IQ-IP) ҚАТЫСУШЫСЫ

868 МЕКТЕП ТҮЛЕГІ МЕН ОҚУШЫСЫ

16 МЕМЛЕКЕТ

2023-2024 ЖЫЛҒЫ IQANAT ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ ҚАМТУЫ

100 IQHSB ГРАНТЫ

100 IQ ADVANCE

800 ҮШ ЖЫЛДЫҚ IQANAT INTENSIVE PROGRAM ҚАТЫСУШЫСЫ

IQanat Олимпиадасы еріктілер - өткен жылдардағы Олимпиада жеңімпаздарының күшімен өткізіледі

ОЛИМПИАДАНЫҢ I ТУРЫ

47 994
АУЫЛ ОҚУШЫСЫ

3 480
АУЫЛ МЕКТЕБІ

405
МОТИВАЦИЯЛЫҚ ТРЕНИНГ

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫ

ОЛИМПИАДАНЫҢ II ТУРЫ

№. Облыс	орташа балл
1. Ақтөбе	37,3
2. Ұлытау	35,5
3. БҚО	35,1
4. Абай	34,2
5. СҚО	34,1
6. Қарағанды	33,5
7. Алматы	33,2
8. Ақмола	33,0
9. Қостанай	32,9
10. Маңғыстау	32,7
11. Қызылорда	32,1
12. Жетісу	31,8
13. Атырау	31,4
14. Жамбыл	31,3
15. ШҚО	31,1
16. Павлодар	30,6
17. Түркістан	29,9

9 994
АУЫЛ ОҚУШЫСЫ

58%-ы қыздар **42%**-ы ұлдар

II ТУРДА ЕЛ БОЙЫНША ОРТАША БАЛЛ – 32,9

185
МОТИВАЦИЯЛЫҚ ТРЕНИНГ

ОЛИМПИАДАНЫҢ III ТУРЫ

1 000 ФИНАЛИСТ

№. Облыс	финалистер саны	орташа балл
1. Абай	35	49.8
2. Ақмола	55	49.4
3. Ақтөбе	28	44.2
4. Алматы	188	52.6
5. Атырау	33	47.3
6. ШҚО	23	42.9
7. Жамбыл	97	51.6
8. Жетісу	38	49.0
9. БҚО	45	52.9
10. Қарағанды	21	**50.3**
11. Қостанай	36	48.7
12. Қызылорда	50	54.1
13. Маңғыстау	58	53.7
14. Павлодар	22	47.5
15. СҚО	38	50.7
16. Түркістан	203	47.0
17. Ұлытау	7	60.1

III ТУР КӨРСЕТКІШТЕРІ. SAT, IB, A-Levels, Gaokao, GCSE, PISA емтихандары халықаралық білім беру жүйесіндегі математиканың маңызын айшықтайды. IQanat саясатында халықаралық стандарттарға сәйкес дәл осы жаратылыстану-математикалық бағытқа басымдық берілген



20% ХИМИЯ

15% БИОЛОГИЯ

14% ТАРИХ

37% МАТЕМАТИКА

6% ГЕОГРАФИЯ

8% ФИЗИКА

ОЛИМПИАДА ҚАТЫСУШЫЛАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК МӘРТЕБЕСІ

ҚОР ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ОСАЛ ТОПТАРЫНАН ШЫҚҚАН БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫСҚА БАСЫМДЫҚ БЕРЕДІ

55,4%

көпбалалы отбасылар

24,4%

ата-ананың екеуі де немесе біреуі жұмыссыз

8,6%

толық емес отбасылар

ОЛИМПИАДАДАН
КЕЙІНГІ СҮЙЕМЕЛДЕУ

КӘСІПТІК БАҒДАРЛАУ

Біз болашақта оңай таңдау жасауы үшін айқанаттықтардың қандай мамандыққа бейімі мен қызығушылығы барын анықтаймыз. 1100 бала 3 кеңейтілген сұрау салу мен сауалнамаға қатысса, 1000-ға жуық бала 2 кәсіптік бағдарлау тестін тапсырды. Қатысушылар үшін 22 вебинар, сондай-ақ 10 университет пен 10 кәсіпорынның қатысуымен 11 марафон өткізілді.

IT PROJECT

150-ден астам бала 4 ай үш курс бойынша білім алды: компьютерлік сауаттылық, Now Code және Low Code. Білім алушылар Telegram-боттарды, Tilda платформасында сайт құруды, сондай-ақ түрлі IT-платформалар мен қолданбаларда контент әзірлеуді үйренді

GENERAL ENGLISH

100 бала 6 ай ағылшын тілін оқыды. 50 тоғызыншы сынып оқушысы арасында келесі деңгейге өткендердің үлесі - 80%, 50 онныншы сынып оқушысы арасында - 70%.

IELTS

20 бала ағылшын тілі бойынша IELTS халықаралық емтиханына дайындық бағдарламасына қатысты. **17 бала 6-дан 7-ге дейін балл жинады.**

ҰБТ-ҒА ДАЙЫНДАУ

21 мұғалім 8 ай бойы 300-ден астам оқушыны 22 пән бойынша оқытты. Қаңтарда ҰБТ байқау сынағындағы орташа балл 90 болса, наурызда 94-ке дейін өсті.

МЕНТОРЛЫҚ ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ALUMNI IQANAT

IQanat менторлары – түрлі саланың 50 сарапшы және кәсіби маманы. Олар ауыл балаларына білімі мен тәжірибесін беру арқылы оларды өзінің үздік қырларын ашуға ынталандырады.

Биылдан бастап бізде Junior-менторлар пайда болды. Олар – жасы кішілерге тәлімгер болуға дайын біздің айқанаттық студенттер. Біздің жобамызда олардың саны 40-тан астам. Менторлар жалпы саны 600-ден астам балаға («менти») қолдау көрсетіп келеді.

ALUMNI IQANAT ҚАУЫМДАСТЫҒЫ – IQANAT-ТЫҢ 2244 ТҮЛЕГІ.
IQanat республикалық олимпиадасының көптеген шаралары Қазақстан және шетелдің үздік ЖОО-нда білім алып жатқан Alumni мүшелерінің күшімен жүзеге асады.

2024 ТҮЛЕКТЕРІ

Біз биыл IQanat қанатының астынан 428 ауыл оқушысы түлеп ұшқанын мақтан тұтамыз. 326 бала IQanat Қорының онлайн және офлайн білім беру бағдарламалары бойынша оқыса, 102 оқушы IQHSB мектебін тәмамдады.

IQHSB МЕКТЕБІ

105 *ҰБТ-дағы орташа балл*

88% *ауыл түлегі арасында грант иелерінің үлесі*

18 АДАМ
Nazarbayev University

5 АДАМ
шетелдік ЖОО

79 АДАМ
ұлттық ЖОО

Сондай-ақ, Қор түлектері келесі биік жетістіктерге қол жеткізді: балалардың ҰБТ-дағы орташа балы 94-ті құрады, 326 түлек ЖОО-на, оның ішінде 8-і шетелдік оқу орнына қабылданды.

IQanat мектебіндегі басты дәстүр
Оқушылар түлектер алаңында өздерінің аты-жөні жазылған шағын кірпіштерді қалайды. Олар болашақта жетістікке жеткен кезінде өз ауданынан шыққан бір оқушының IQanat мектебінде оқу ақысын төлеп беруге ант етеді. Кейін өз кірпішіне сол баланың аты-жөнін қоса жазады.

БІЗ ҚОҒАМДЫ, ӨЗ ЕЛІ МЕН ӘЛЕМДІ ЖАҚСАРТУҒА ДАЙЫН БОЛАШАҚ КӨШБАСШЫЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕЙМІЗ

Түлектер мен қамқоршылардың дәстүрлі фотосуреті

БІЗДІҢ ТҮЛЕКТЕР ӘЛЕМНІҢ **16 ЕЛІНДЕГІ ЖОО-НДА ОҚИДЫ**

ДАЙЫНДАЛ, НАЗАР АУДАР, IQANAT!

БІЗДІҢ ТҮЛЕКТЕРІМІЗДІҢ ОҚИҒАЛАРЫ

IQANAT ТҮЛЕКТЕРІ АРАСЫНДА- АЛҒАШҚЫ КӘСІПКЕРЛЕР

IQHSB мектебінің түлегі Қостанай облысының Жітіқара елді мекенінде қарапайым инженер-электрик пен жергілікті гүл сататын дүкеннің кассирінің қарапайым отбасында дүниеге келген. Ол өзінің байырғы арманына қол жеткізді!

Арыстан жеке өз ісін бастап, сайт жасайтын агенттік құрды. Бұл жұмысты ол Nazarbaev University оқу орнындағы үздік оқуымен қатар алып жүр. Ізденімпаз жас «Компьютерлік ғылымдардың» екінші курсында білім алады.

Кім ойлаған, бірақ оның алғашқы клиенттерінің қатарында біздің қамқоршымыз әрі Astana Venture Club негізін қалаған Нұрасыл Джарбасов бар. Ол - сондай-ақ, мектептің менторларының бірі.

Біз Арыстанның биік жетістіктерге қол жеткізетініне әрқашан сенімді едік. Ол біздің мектептің бірінші легінің түлегі әрі «Жыл оқушысы» болды.

16 ЖАСТА ҚАЛАЙ 8 ТІЛ МЕҢГЕРУГЕ ЖӘНЕ АЛҒАШҚЫ МИЛЛИОН ТЕҢГЕ ТАБЫС ТАБУҒА БОЛАДЫ

Түркияның беделді стипендиясының иегері атанды, бұл шәкіртақы студенттің оқуы мен жатып-тұру шығындарын түгел қамтиды. Бала грантты жеңіп алған он жеңімпаздың қатарына енді. Ал қазақстандық үміткерлер саны 400-ден астам болған!

Абдуллах түрік тілін жетік меңгерген, ал бүгінде өз білімін табыс көзіне айналдырып отыр. Ол бүкіл Қазақстан бойынша студенттерге түрік тілінен онлайн сабақ береді. Өзінің бар болғаны 16 жасына қарамастан, алғашқы миллион теңге табысына қол жеткізіп үлгерді.

Абдуллахтың өзге қырлары да жетерлік. Ол – мықты полиглот. Қазақ, орыс, түрік тілдерінен бөлек, біздің түлегіміз ағылшын, кәріс, араб, испан және қытай тілдерін де меңгерген.

МАТЕМАТИКА РОК ЖҰЛДЫЗЫ ЖАСЫ КІШІЛЕРГЕ БІЛІМ БЕРЕДІ

ҰБТ-да 140-тан 134 балл жинаған iQanat түлегі бүгінде Назарбаев университетінің студенті. Математикаға деген терең де адал махаббаты оған еліміздің үздік жоғарғы оқу орнына грант қана емес, сонымен қатар оқытушы болуға құштарлықты да сыйға тартты.

Мектеп қабырғасында жүргенде-ақ ол өз сыныптастарын сүйемелдесе, қазір, міне үшінші жыл қатарынан өзінің артынан ерген 70-тен астам студентке көмек беріп келеді. Қанағаттың жұмысы қазірдің өзінде жемісін беріп жатыр. Оның 20 түлегі Қазақстан бойынша үздік университеттерде білім алуда.

IQANAT КАРТАСЫ

АУДАНДЫҚ ҚАМҚОРШЫЛАРДЫҢ КӨМЕГІМЕН ӨҢІРЛЕРДІҢ ҚАМТЫЛУЫ

0-20%
50-70%
71-85%
86-99%
100%

**аудандық қамқоршылардың өңірлерді қамту үлесі пайызбен берілген*

БІЗДІҢ ОБЛЫСТЫҚ ЖӘНЕ АУДАНДЫҚ ҚАМҚОРШЫЛАР

Абай облысы
Дулат Тұрсынұлы Тастекей
Нұрлыбеков Ернұр Дәулетқазыұлы
Касымбаев Мейрхат Мейрамханович
Төлеш Елдар Ертайұлы
Хасенов Саян Капанович
Тулеубеков Адлет Сергалиевич
Касымканов Думан Шарипович
Тансыккожин Айдос Даулетұлы
Еликбаев Алишер Хакимович

Ақмола облысы
Исабаев Бауыржан Абдрашитович
Акмагамбетов Арман Булатович
Курман Батырбек Серикулы
Мурзалинов Азамат Курмамбаевич
Рахимбаева Анар Амангельдиновна
Бекшенов Нуржан Ханиевич
Усманов Рустем Миразизович
Лян Ларион Викторович
Исмагулов Канат Жандарбекулы
Ушкевич Оксана Анатольевна
Воронов Сергей Викторович
Баллес Евгений Михаилович
Исабаева Гульхан Нурмуханбетовна
Абдыкадыров Амангельды Акбатырович
Елемес Батырхан Қабдрахманұлы

Ақтөбе облысы
Жұман Марат Қожаханұлы
Аязбаев Орынбасар Жалгасбаевич
Шотанов Тулемис Садыкович
Тайбукенов Женис Кувандыкович
Асанов Адиль Еркингалиевич
Ена Сергей Вячеславович
Салфиков Талгат Маратович
Омаров Нурбек Серикбаевич
Төлепбай Әнуар Зейнешұлы
Рогонов Николай Юрьевич

Алматы облысы
Алшинбаев Аскар Мутанович
Курмашев Эрнар Атымтаевич
Туркбаев Алмат Бакытжанович
Шкабаро Зарина Маратовна
«Жан Шуақ TTS» КҚ
Тулепов Максат Тулебаевич
Тулеутаев Данияр Сериккалиевич
Кызданаев Берик Азаматович

Атырау облысы
Джарбасов Нурасыл Уалиевич
Суендыкова Аруа Толеубековна
Нугыманов Бауыржан Табылдиевич
Сарсенов Гибрат Шахадатович
Рамазанов Әсет Нұрлығайынұлы
Бисембиев Азамат Зинорович
Каппарова Гаухар Сарсекеновна
Джарбасов Нурлан Уалиевич

Шығыс Қазақстан облысы
Рахимбаев Айдын Жумадилович
Сақ Нурлан Ибадуллаұлы
Сагадиев Нариман Муратұлы
Нұрқас Жасұлан Болатжанұлы
Чибиханова Шырын Сайлаубекқызы
«Sergey and Yekaterina Didenko Foundation» ЖҚҚ
Рауан Кенжеханұлы
Құмарбекұлы Дамир
Корпитанов Марат Серикпаевич
Кусаинов Айгазы Амирланович

Жамбыл облысы
Копбаев Канат Шоханович
Тультаев Алмаз Булатович
Турумбаев Талгат Ералиевич
Исатаев Илияс Медгатович
Омаров Аслан Килынбекович
Бейсек Қуаныш Талғатұлы
Иманбаев Жасулан Муратович
Алпамыс Бақытұлы

Жетісу облысы
Турлов Тимур Русланович
Исмагулов Марлен Бекшойынович
Исатаев Саят Кенесович
Кожасбай Ерлан Садуакасұлы
Құмарбекұлы Дамир
Рысбеков Алмас Ерсултанович
Толемисов Асет Маханович
Қанатұлы Жаныбек

Батыс Қазақстан облысы
Исекешев Ерлан Орентаевич
Ахметов Асет Бакибаевич
Омаров Аслан Килынбекович
Хамиев Динар Булатович
Нуржанов Даулет Утегенович
Ниталиев Марал Канатович
Аяпова Асель Алибековна
Супалдияров Еркебулан Есмагамбетович

Қарағанды облысы
Омаров Асхат Асанович
Мизамбаев Мадияр Дуйсенбекович
Мельников Евгений Юрьевич
Жаксылыков Ернур Ерболатович
Мухатаев Айдос Зиядович
Абинов Арыстан Багдатулы
Оспанов Мұрат Талғатұлы

Қостанай облысы
Лаврентьев Андрей Сергеевич
Сарсенов Эльдар Рашитович
Сарсенов Жаныбек Жаныспаевич
Ахметов Арман Сабыржанович
Даумов Алмат Болатович
Назаргалиев Курман Бактиярович
Мергенов Тимур Булатович
Нургалиев Абай Турактаевич
Касымгалиев Азат Адильбекович
Даумов Самат Болатович
Идрисов Руслан Рашитович
Жантасов Амир Ислямович
Мукатаев Айдос Оразович
Абдрахманова Светлана Эвальдовна
Умаров Акежан Асланович
Жұмағұлов Еркебұлан Бахытжанұлы

Қызылорда облысы
Длимбетов Еркин Турмухамбетович
Қайырбекұлы Бағдат
Мухоряпов Рамиль Радикович
Жаксылыков Токтарбай
Утельбаев Дидар Айдарович
Турматов Бауыржан Нурмухамедулы
Каратаев Галымбек Алимбекович

Маңғыстау облысы
Кусайын Газиз Темирханович
Диденко Сергей Александрович

Павлодар облысы
Арсен Томский
Мусин Батырбек Базарбаевич
Саликова Алия Абылкасымовна
Котлева Феруза Римзаевна
Арынгазин Алибек Абаевич
Дюсембин Тамерлан Нурланович
Сыздыков Адиль Гайруллаевич
Ахметов Кайрат Бакибаевич
Сулейменов Ерик Айдарович
Султабаев Архат Ерболович
Ауезов Ержан Хабиболлаевич
Тулебаев Даурен Онгарбекович
Қуанған Ержан Қуанғанұлы
Мустафин Расул Талгатович

Солтүстік Қазақстан облысы
Кан Сергей Владимирович
Атажан Ерлан Қайратұлы
Акинов Мурат Ержанович
Рахимов Дархан Самарханович
Хусаинов Галим Абильжанович
Шкабаро Зарина Маратовна
Омаров Амангельды Габдуллинович
Баграмов Адиль Саматович
Нокин Абзал Асылханович
Жұмағұлов Алдияр Бахытжанұлы

Түркістан облысы
Төлбасы Серік Қарабекұлы
Османов Азамат Маратович
Сиддик Хан
Шотбаев Марат Алибекович
Natalie Zajicova
Калелов Жаркын Советбекович
Ильясов Еркебулан Сайдуллаевич
Утельбаев Дидар Айдарович
Қуанышбайұлы Мұхтар

Ұлытау облысы
Карсыбеков Оразхан Каиржанович
Сагинтаев Савет Сагинтаевич
Баев Арман Габитович
Кожахметов Ерканат Коныртаевич

Жұман Марат,
Ақтөбе облысының қамқоршысы

Тастекей Дулат,
Абай облысының қамқоршысы

IQanat-2024 олимпиадасы финалистерінің республикалық слеті

Құсайын Ғазиз,
Маңғыстау облысының қамқоршысы

Длимбетов Еркин,
Қызылорда облысының қамқоршысы

Турлов Тимур,
Жетісу облысының қамқоршысы

Исекешев Ерлан,
Батыс Қазақстан облысының қамқоршысы

Кан Жанна,
Солтүстік Қазақстан облысының қамқоршысы



Копбаев Канат,
Жамбыл облысының қамқоршысы

Исабаев Бауыржан,
Ақмола облысының қамқоршысы

Мустафин Расул, Павлодар облысы
Май ауданының қамқоршысы



Диденко Сергей, Маңғыстау облысы
Қарақия ауданының қамқоршысы

Мизамбаев Мадияр, Қарағанды облысы
Қарқаралы ауданының қамқоршысы

Кусаинов Айгазы, ШҚО
Күршім ауданының қамқоршысы

Нұрлыбеков Ернұр, Абай облысы
Абай ауданының қамқоршысы

Нугыманов Бауыржан, Атырау облысы
Индер ауданының қамқоршысы

Тулеубеков Адлет, Абай облысы
Үржар ауданының қамқоршысы

Хамиев Динар, БҚО Қаратөбе
ауданының қамқоршысы

IQanat-2024 олимпиадасы финалистерінің республикалық слеті

Қанатұлы Жаныбек, Жетісу облысы
Көксу ауданының қамқоршысы

Хасенов Саян, Абай облысы
Жарма ауданының қамқоршысы

Мурзалинов Азамат, Ақмола облысы
Аршалы ауданының қамқоршысы

Абдыкадыров Амангельды, Ақмола облысы
Қорғалжын ауданының қамқоршысы

IQanat-2024 олимпиадасы финалистерінің республикалық слеті

Джарбасов Нұрлан, Атырау облысы
Махамбет ауданының қамқоршысы

Жұмағұлов Алдияр, СҚО
Тимирязев ауданының қамқоршысы

Иманбаев Жасулан, Жамбыл облысы
Шу ауданының қамқоршысы

Саликова Алия, Павлодар облысы
Шарбақты ауданының қамқоршысы

Исмагулов Канат, Ақмола облысы
Ерейментау ауданының қамқоршысы

Супалдияров Еркебулан, БҚО
Жаңақала ауданының қамқоршысы

Омаров Аслан, Жамбыл облысы Мерке
ауданының, БҚО Бөрлі ауданының қамқоршысы

Қуанышбайұлы Мұхтар, Түркістан облысы
Ордабасы ауданының қамқоршысы

Сақ Нурлан, ШҚО
Ұлан ауданының қамқоршысы

ҚАМҚОРШЫЛАРДАН IQHSB МЕКТЕБІНЕ АТАУЛЫ ГРАНТТАР

IQanat қамқоршылары атаулы гранттар бөліп, оның арқасында **ауылдық елді мекеннен шыққан тағы 30 дарынды бала** IQanat High School of Burabay (IQHSB) мектебінде оқуға мүмкіндік алды.

Бұл гранттар балаларға жоғары халықаралық стандарттарға сәйкес келетін сапалы білім алуға мүмкіндік береді.

Әрбір атаулы грант құны 14 миллионнан астам теңгені құрайды.

Балалар Олимпиадада жоғары балл жинағанына қарамастан, мектепке іріктеуден өте алмаған және қамқоршының ауданында тұратын балалар арасынан таңдап алынды.

9-сыныпта балалар Foundation бағдарламасына қатысса, 10 және 11-сыныптарда толық пансионат жағдайында A-Level халықаралық стандарттары бойынша қарқынды білім алады.

Осылайша, биыл мектепке грантпен оқуға түскен балалар саны рекордтық көрсеткіш - 130-ға (100 бала Қор гранты бойынша және 30-і атаулы грант бойынша оқиды) жетті!

Суендыкова Аруа Толеубековна және Мергалиев Дияр Тимурович	Мақсотқызы Мәдина Құнанбай Мүбәрәк	Атырау облысы Жылыой ауданы Қосшағыл ауылы Атырау облысы Жылыой ауданы Жаңа Қаратон ауылы
«Жаншуақ» ҚҚ, Зайнуллин Павел Арсланович	Дастанұлы Мейіржан	Алматы облысы Талғар ауданы Төңкеріс ауылы
Рахимбаева Анар Амангельдиновна	Абылкасымов Айып	Ақмола облысы Астрахань ауданы Новочеркасское ауылы
Копбаев Канат Шоханович	Бейсен Мейірім Сейдуақас Жайдар	Жамбыл облысы Мерке ауданы Мерке ауылы Жамбыл облысы Мерке ауданы Сыпатай ауылы
Құмарбекұлы Дамир	Айжүзұлы Ерасыл	Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Көгедай ауылы
Рахимбаев Айдын Жумадилович	Баянбек Асаналі Мырзақұл Ералы Ізбасар Мерей	ШҚО Тарбағатай ауданы Ақжар ауылы Түркістан облысы Сайрам ауданы Құтарыс ауылы Түркістан облысы Созақ ауданы Шолаққорған ауылы
Мизамбаев Мадияр Дуйсенбекович	Аманжол Бекарыс	Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Қарқаралы атқ.
Қанатұлы Жаныбек	Даниял Акылжан	Жетісу облысы Көксу ауданы Балпық кенті
Тультаев Алмаз Булатович	Асетулы Султан	Жамбыл облысы Байзақ ауданы Сарыкемер ауылы
Диденко Сергей және Екатерина	Абилова Лунара	ШҚО Шемонаиха ауданы Усть-Таловка кенті
Есімін жариялауды қаламаған қамқоршы	Қанапья Айзере	Абай облысы Жарма ауданы Үшбиік ауылы
Ембергенов Руслан Адилович	Әуелғазы Нұрәлі	Абай облысы Үржар ауданы Қаратұма ауылы
Kenneth Joanne Sharpe	Айнабекұлы Асылжан	Түркістан облысы Созақ ауданы Ақсүмбе ауылы
Kenneth Raydon Sharpe	Болысбай Ақтолқын	Түркістан облысы Шардара ауданы Достық ауылы
Павел Дуров	10 облыстан 12 бала	

ПАВЕЛ ДУРОВ 12 БАЛАНЫҢ ОҚУЫНА **$356 000** БӨЛДІ

Telegram және «ВКонтакте» негізін қалаған Павел Дуров Қазақстанның шалғай ауылдарынан шыққан 12 баланың IQanat мектебінде оқуы үшін 350 мың доллардан астам қаражат бөлді. Гранттар **оқу, жатын орын, тамақтану, оқулықтар алу** сынды өзге де шығындарды өтейді. Бұл балалардың өз білім деңгейін көтеріп, жетістіктерге жетуіне мүмкіндік береді.

Павел Дуровтың грантын иеленгендер – Олимпиада финалистері, олардың дені көпбалалы және тұрмысы төмен отбасылардан шыққан. Бұл қолдауы арқылы меценат көп жағдайда мүмкіндіктері географиялық және **қаржылық тұрғыда шектеліп жататын дарынды балаларды қолдаудың қаншалықты маңызды екенін танытты.**

Кәсіпкер әрбір баланың жағдайымен жеке танысып, олардың қандай ауылдан шыққанын және қандай академиялық жетістіктерге жеткенін білді. Енді 12 бала Бурабай мектебінде толық пансионат жағдайында білім алады.

Махамбетияров Бекарыс
Қызылорда облысы Шиелі ауданы
Шиелі ауылы



Сериков Нурберген
Ақтөбе облысы Қарғалы ауданы
Ш. Қалдаяков ауылы

Қуланбаева Асылжай
Маңғыстау облысы Бейнеу ауданы
Ақжігіт ауылы

Шаншаров Эльдар
Қостанай облысы Қарасу ауданы Қарасу ауылы

Дрямов Максим
Батыс Қазақстан облысы
Бәйтерек ауданы Байқоныс ауылы

Терманов Игорь
Павлодар облысы Железин ауданы
Михайловка ауылы

Жұмабекқызы Кәусар
Қызылорда облысы Сырдария ауданы
Сейфуллин ауылы

ТИМУР ТУРЛОВ
БІЗДІҢ МЕКТЕПКЕ ЖАҢА КОРПУСТЫ СЫЙҒА ТАРТТЫ!

Жаңа корпус балалардың спорт, ғылым және өнер әлеміндегі ең асқақ армандарын жүзеге асыруына мүмкіндік береді. Мұнда планетарий, 400 орындық амфитеатр, IT және STEM зертханалар, кітап қоры 7 мыңнан асатын кітапхана, тренажер, хореография және фитнес залдары, шахмат клубы, қышпен жұмыс істеуге және бейнелеу өнерімен айналысуға арналған шеберханалар, коворкинг және, тіпті дауыс жазу студиясы да бар.

Жаңа корпус Тимур Турлов негізін қалаған Freedom Holding Corp компаниясының құрметіне орай Freedom House деп аталды. Ол IQanat оқу қалашығындағы алғашқы Үй. Болашақта өзге кәсіпкерлер тұрғызған басқа да үйлер пайда болады.

IQanat бұл дәстүрді жаңа ғимараттарды олардың құрылысын қаржыландырған тұлғалар мен компаниялардың атымен атайтын «Барқыт лигасының» университеттері (Гарвард, Йель және өзгелер) секілді әлемнің беделді жоғары оқу орындарынан қабылдап алды.

Тулебаев Даурен, Павлодар облысы
Май ауданының қамқоршысы


Курмашев Эрнар, Алматы облысы
Балқаш ауданының қамқоршысы

Каратаев Галымбек, Қызылорда облысы
Қармақшы ауданының қамқоршысы


Джарбасов Нұрасыл,
Атырау облысының қамқоршысы


Исабаева Гульхан, Ақмола облысы
Целиноград ауданының қамқоршысы

Жаксылыков Ерболат, Қызылорда облысы
Шиелі ауданының қамқоршысы


Диденко Сергей, Маңғыстау облысы
Қарақия ауданының қамқоршысы

Қуанған Ержан, Павлодар облысы
Аққұлы ауданының қамқоршысы


Сагинтаев Савет, Ұлытау облысы
Жаңаарқа ауданының қамқоршысы

Омаров Асхат,
Қарағанды облысының қамқоршысы

Ниталиев Марал, Батыс Қазақстан облысы
Жәнібек ауданының қамқоршысы


Мурзалинов Азамат, Ақмола облысы
Аршалы ауданының қамқоршысы

Оспанов Мұрат, Қарағанды облысы
Осакаров ауданының қамқоршысы


Ауезов Ержан, Павлодар облысы
Баянауыл ауданының қамқоршысы

ДӘСТҮРЛІ IQANAT COMMUNITY FORUM

Астана және Алматыда екі ірі IQanat Community Forum өтіп, олар біздің қамқоршыларымыз – белгілі қазақстандық кәсіпкерлердің, сондай-ақ IQanat білім беру бағдарламалары мұғалімдерінің, түлектерінің, оқушыларының және түрлі сала сарапшыларының басын қосты.

Форумдарда түлектер қауымдастығын дамыту, IQanat Қоры бағдарламаларының ауқымын кеңейту және кәсіпкерлік бойынша оқу бағдарламаларын енгізу мәселелері талқыланды.

Сондай-ақ, форумда жоба жүзеге асырылған жылдар ішінде IQanat Олимпиадасына 200 мыңға жуық ауыл оқушысы қатысқаны айтылды. Олардың ішінде ондаған мыңы қосымша білім алып, мотивациялық және дамытушы бағдарламаларға қатысты.

ДӘСТҮРЛІ IQANAT COMMUNITY FORUM

IQ CLUB KAZAKHSTAN

ҚОР ҚАМҚОРШЫЛАРЫ ТАБЫСТЫ АДАМДАР КЛУБЫНЫҢ МҮШЕСІ АТАНАДЫ.
IQ CLUB КЛУБЫ ӨЗ ҚЫЗМЕТІН 2023 ЖЫЛЫ БАСТАДЫ.

IQ CLUB ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАРЫ:
СЕРІК ТӨЛБАСЫ, АЙДЫН РАХИМБАЕВ,
ЕРЛАН ИСЕКЕШЕВ, ТИМУР ТУРЛОВ, ҚАНАТ КӨПБАЕВ.

Networking (форумдар)	Ірі бизнес өкілдерімен тәжірибе алмасу, тренингтер	YPO тәжірибесіне негізделген қоғамдастық	Жеке тұлғалық дамуға арналған инсайттар, mentoring	Отбасыға арналған дамытушы шаралар

Клуб мүшелерінің чаптер форумы, Алматы қаласы

Клубтың жаңа мүшелерімен бизнес-ланч

Клуб мүшелерінің чаптер форумы, Астана қаласы

Айдын Рахимбаевтың «Leadership Engineering» шеберлік сағаты

2023-24 БЮДЖЕТІ IQANAT ҚОРЫ, МЛН.



IQANAT HIGH SCHOOL OF BURABAY БЮДЖЕТІ, МЛН.